

Бекітемін:
Мектеп директоры:

М.Саметов

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебінің
2024-2025 оқу жылындағы «Даналық мектебі» (әжелер, аталар, аға, жеңге) клубының жылдық жоспары

№	Іс шара атауы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1	Мектепте келесі бағыттармен «Даналық мектебі» клубын құру - «Аталар мектебі» - «Әжелер мектебі» - «Ағамектебі» - «Женгемектебі»	Жалпы жиналыс	Қазан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Бұйрық
«Әже даналығы»					
1	«Әже даналығы»	Әжелер қауымдастығын құру	Қазан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет
2	«Әжем үйреткен»	Кездесу	Қараша	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау
3	«Әже даналығы» қатысуымен жаңа жылдық шараларды өткізу	Мерекелік шара	Желтоқ сан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау
4	«8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні»	Дөңгелек үстел	Наурыз	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау

5	«Әже даналығы» қатысуымен наурыз мерекесін өткізу	Мерекелікіс-шара	Наурыз	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау
«Ата өсиеті»					
6	«Бабалар дәстүрі- ұрпаққа өсиет»	Аталар Қауымдастығын құру	Қазан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет
7	«Атакәсіп – берекенің бастауы»	Кездесу	Қараша	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау
8	Аталар, әжелер мен балалардың бірлескен жетістіктері	Жетістіктер көрмесі	Ақпан	Тәрбие одағы	Мәлімет БАҚ жариялау
9	«Аталарға тағзым», «Өжеңіс үшін рахмет!»	Челлендж	Сәуір	Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау
«Аға қамқорлығы»					
10	«Ағасы бардың -жағасы бар»	Ағалар қауымдастығын құру	Қазан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет
11	«Жақсылық жасап жарысайық»	Дөңгелек үстел	Қараша	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау
12	«Жігітке жеті өнерде аз»	Сайыс	Қаңтар	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет БАҚ жариялау

13	«Шынықсан шымыр боларсын»	Спорттық жарыс	Мамыр	Сынып жетекшілер Дене-шын. пәні мұғалімдері	Өзірлеме Мәлімет
14	«1 мамыр- Қазақстан халқының бірлігі күні»	Мерекелікіс-шара	Сәуір	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет
«Женге кеңесі»					
15	«Қыз-кылығымен көркем»	Женгелер қауымдастығын құру	Қазан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет
16	«Қыздар білуге тиіс» (тұрмыстық қажеттіліктер)	Дөңгелек үстел	Қаңтар	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Өзірлеме Мәлімет
17	«Күз аруы-2024»	Сайыс	Қазан	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Мәлімет
18	«8 наурыз –Халықаралық әйелдер күні»	Іс-шара	Наурыз	Тәрбие одағы Сынып жетекшілер	Өзірлеме Мәлімет

ДТДЖО:



К.Айкузов

Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Қ.Тыныбеков атындағы жалпы
білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение «Общеобразовательная
школа имени К.Тыныбекова» отдел
образования Төлебийского района

БҰЙРЫҚ

02.09.2024
Аққұм ауылы

ПРИКАЗ

№99
село Аққұм

Женгелер кеңесін құру туралы

2024-2025 оқу жылында отбасылық құндылықтарды сақтап, жеңгелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, жеңгелердің жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында. **БҰЙЫРАМЫН:**

Женгелер кеңесінің төрайымы: М.Ширинбаева

Женгелер кеңесінің мүшелері:

Ауыл тұрғыны: Ж.Қалматаева

Әлеуметтік педагог: Э.Тукешова

Тәлімгер: Қ.Қалдарбекова

Негізі: қажеттілікке байланысты

Бұйрықпен таныстым:

М. Ширинбаева

М.Ширинбаева

Бұйрықпен таныстым:

Ж. Қалматаева

Ж.Қалматаева

Бұйрықпен таныстым:

Э. Тукешова

Э.Тукешова

Бұйрықпен таныстым:

Қ. Қалдарбекова

Қ.Қалдарбекова

Мектеп директоры:

М.Саметов

М.Саметов

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 ж

№98

Ағалар кеңесін
күру туралы

2024-2025 оқу жылында отбасылық құндылықтарды сақтап, ағалардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ағалардың жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында. **БҰЙЫРАМЫН:**

Ағалар кеңесінің төрағасы: А.Әбдиев

Ағалар кеңесінің мүшелері:

Ауыл тұрғыны: С.Сәйтқұлов Ғабит

Ауыл тұрғыны: Б.Сихинбаев

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Айкузов

Мектеп психологы: Е. Бектемиров

Негізі: қажеттілікке байланысты

Бұйрықпен таныстым: А.Әбдиев
Бұйрықпен таныстым: С.Сәйтқұлов
Бұйрықпен таныстым: Б.Сихинбаев
Бұйрықпен таныстым: Е.Бектемиров
Бұйрықпен таныстым: Қ.Айкузов

Мектеп директоры:



М.Саметов

Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Қ.Тыныбеков атындағы жалпы
білім беретін мектеп» коммуналдық
меңлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное
учреждение «Общеобразовательная
школа имени К.Тыныбекова» отдел
образования Төлебійского района

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 ж

№95

Әкелер кеңесін
күру туралы

2024-2025 оқу жылында отбасылық құндылықтарды сақтап, әкелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, әкелердің жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында. **БҰЙЫРАМЫН:**

Әкелер кеңесінің төрағасы: Б. Маженов

Әкелер кеңесінің мүшелері:

Ауыл тұрғыны: Сканов Сабыр

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Айкузов

Мектеп психологы: Е. Бектемиров

Негізі: қажеттікке байланысты

Бұйрықпен таныстым: Маженов Б.
Бұйрықпен таныстым: Сканов С.
Бұйрықпен таныстым: Айкузов Қ.

Мектеп директоры:


М.Саметов

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 ж

№96

Әжелер кеңесін
құру туралы

2024-2025 оқу жылында отбасылық құндылықтарды сақтап, әжелелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, әкелердің жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында. **БҰЙЫРАМЫН:**

БҰЙЫРАМЫН:

Әжелер кеңесінің төрайымы: Н.Рахымжанова

Әжелер кеңесінің мүшелері:

Ауыл тұрғыны зейнеткер ұстаз: З.Искаова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Айкузов

Әлеуметтік педагог: Э.Тукишева

ҚББП: Г.Бердалиева

Негізі: қажеттілікке байланысты

Бұйрықпен таныстым: Н.Рахымжанова Н.

Бұйрықпен таныстым: З.Искаова З.

Бұйрықпен таныстым: Қ.Айкузов Қ.

Бұйрықпен таныстым: Э.Тукишева Э.

Бұйрықпен таныстым: Г.Бердалиева Г.

Мектеп директоры: М.Саметов М.Саметов

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.09.2024 ж

№97

Аталар кеңесін
күру туралы

2024-2025 оқу жылында отбасылық құндылықтарды сақтап, аталардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, аталардың жас өспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында. **БҰЙЫРАМЫН**
Аталар кеңесінің төрағасы: С.Алиханов

Аталар кеңесінің мүшелері:

Ауыл ақсақалы: Сканов Мыңжасар

Ауыл биі: М.Абдиев

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ. Айкузов


Мектеп психологы: Е. Бектемиров

Негізі: қажеттілікке байланысты


Бұйрықпен таныстым:

 Сканов М.


Бұйрықпен таныстым:

 Абдиев М.

Бұйрықпен таныстым:

 Айкузов Қ.

Бұйрықпен таныстым:

 Бектемиров Е.

Бұйрықпен таныстым:

Мектеп директоры:




М.Саметов

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы бірім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жеңгелер қаымдастығымен «Алтын күз»,
«Күз аруы-2024» атты іс-шарасы өткізілгендігі туралы мәлімет



Жеңге кеңесі

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жетелер қаымдастығымен «8-Наурыз
Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай ұйымдастырылған «Аналар асыл
жаңдар» атты мерекелік іс-шарасының өткізілгендігі туралы
мәлімет



**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Әже даналығы» әжелердің
қатысуымен жаңа жылдық шараларды өткізу**

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл»



Орындаған: Тәрбие одағы

**2024-2025 оқу жылы
Желтоқсан**

«Қош келдің жаңа жыл»

Ақсауле: Армысыздар ағайын! Құрметті ата – ана, қымбатты ұстаздар, оқушылар, қонақтар! Сіздерді «Жаңа жыл» мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерді осы жаңа жыл мерекесімен құттықтай отырып, жаңа жыл тек қана жаңа табыс, береке, бірлік әкелсін дейміз.

Ақ көңілім айналды аппақ қарға,
Көңілдене қосыл сен ән мен жырға
Қыс қызығы басылмай ұласады,
Қуанышы көп болсын Жаңа жылға
– дей отырып, жаңа жылдық кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер!

Әділет: Жаңа жылым жаңа бақыт сыйласын,
Көгімізде бақыт рухы самғасын
Төгілтіңдер жаңа жылдың жақсы әнін
Қуанышпен арайлансын ақ таңың

Ақсауле:

Кел жаңа жыл жаңа жыл,
Саған әзір Жаңа жыр
Елге табыс, жақсылық
Ала келші жаңа жыл

Әділет:

Кел, жаңа жыл, жаңа жыл
Төрле, төрле жеріме,
Құт береке боп келгейсің еліме,
Үміт артып армандарға аяулы.
Шаттығына бөлегейсің бізді де.

1-жүргізуші:

Бүгін сізге жырдан алқа тағайын,
Шат күлкіге толы болсын маңайың.
Көргендер де көрмегенде арманда.
Жаңа жылың құтты болсын ағайын.

2-жүргізуші:

Зеңгір көкте жұлдыз болып жанайын,
Ай жүзіндей айшықтанып, арайың.
Жанға шуақ, бойға қуат әкелген.
Жаңа жылың құтты болсын ағайын.

1-жүргізуші:

Бәрекелді, бәрекелді! Құрметі халайық! Бүгінгі жаңа жыл кешін барлығымыз көтеріңкі көңіл күймен, әсем ән, сәнді бимен өткізуге ат салысамыз деген үмітіміз бар.

2- Жүргізуші: Келді, міне, сағындырып далама

Келді, міне, Жаңа жыл қалама
Ән салып, жұмбақ болып, таппақ болып.
Кәне, кәне келіңіздер
Би билеп ән салып беріңіздер!
Мерекені Жаңа жылды қарсы алып.

Ақтарайық әнменен көңіл сырын - дей келе құрметті қонақтар, ата - аналар бүгінгі жаңа жыл ертеңгілігін бастауға рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші:

Құрметті ата-аналар. Ұлағатты ұстаздар және оқушылар “Жаксы сөз- жарым ырыс!” – деп дана казак айткандай, жүрекке жылылык ұялатар алгашкы Жаңа жылдык құттықтау сөзді білім ұясының білікті басшысы, мектебіміздің директоры Саметов Мақсат Әділханұлына береміз.

2- жүргізуші:

Армысың, аманбысың Жаңа жылың.

Жаңа жылым! О, менің Жаңа жырым!

Жылан жылы келгенде, сый ғып тартып,

Актарайық әнменен көңіл сырын.

2- жүргізуші:

-Құрметті халайық! Бүгінгі Жаңа жыл кешіне сәйгүліктерін желдіріп, алтындатқан шаңасымен Аяз ата мен сүйкімді Ақша қар келе жатыр деген хабар алып тұрмыз.

1-жүргізуші:

* Қуаныңдар, ағайын, тамсаныңдар.

* Сүйінішпен маңайға жар салыңдар.

* Аяз ата келеді Ақшақармен,

* Қол соғып қошеметпен қарсы алыңдар!

1-Жүргізуші: Балалар, Аяз атаны шақырайықшы. Бәріміз бірге Аяз ата, Ақша қар 3 рет

/осы кезде музыкамен асыға күткен Аяз ата мен Ақшақар келеді /

Аяз ата:

Ассалаумағалейкум, Жыр кешкен ел,

Нарына нарық заман мінгескен ел.

Дәуірдің дүрмегіне үндескен ел,

Тәңірдің тылсымымен бірлескен ел.

2-жүргізуші:

Армысыз Аяз Ата! Армысың Ақша қар.

Аяз ата:

Сәлеметсіздер ме балалар! Сәлеметсіздер ме қонақтар! (Балалар амандасады).

Ақшақар: Амансыздар ма, балалар, ұстаздар, ата-аналар! Өздеріңді сағынып келдік.

Жаңа жылдарың құтты болсын. Жылан жылы табыс жылы, береке, бірлік

әкелсін. Тарихи жыл болсын.

Аяз ата қарашы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен.

Бәрі де сұлуланып кетіпті.

Шырша шамын жағайық, Жаңа жыл тойын ашайық. Барлығымыз «Шырша жан» «Шамдарыңды жарқырат» деп айтайық. (Барлығы айқайлайды, шырша шамдары жағылады.)

Аяз ата: Бәрекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналаға қуаныш сыйлауда.

Шыршаның құрметіне ән айтып, би билейтін оқушылар бар ма?

Қанекей соларды тамашалайық.

Бірінші біз жаңа жылымызды шақырып алайық.

Ұлу жылы: Мен ескі жылмын сіздерге молшылық, бақыт әкелдім. Мына келер жылға айтар тілегім.

Қуанышты ортамыз сазға ұласқан

Тілегім болсын мәңгі ашық аспан

2025 жыл қадам басқан

Гүлденіп көркейе бер Қазақстан.

Келесі жыл бастауын Жыланға беремін

«Әже даналығы» әжелердің қатысуымен жаңа жылдық шараларды өткізу



(Сахнаға Жылан шығады)

Жылан: Сәлеметсіздер ме, кешіккен жоқпын ба, мен сондай асықтым, сондай жүгірдім, кешігем деп қатты қорықтым, уақытында жеттім бе?

Ұлу жылы:

Мен тағы бір қонақпын

Он екі жылда оралар

Үлкендерге ақ ниет

Сіздерге де ақ ниет

Сіздерге де мың рахмет.

Барлығы: Қош бол, ұлу, қош бол.

Ақшақар: Қош келдің жаңа жыл.

Аяз Ата: Ал айналайын жаңа жыл, келген қадамыңа нұр бітсін. Мынау менің ұлдарыммен қыздарым, мынау халқым саған аманат. Он екі ай бойы бағып қағу сенің мойнында. Жаксы жыл бол, жаңа жыл.

Аяз ата: Бәрекелді жаңа жылым. Төрімізге шық. Бірімізге жаңа бақыт, жаңа қуаныш ала кел.

Жылан: Құрметтеріңізге рахмет. Шын көңілмен жаңа жылдарыңызбен құттықтаймын. Байқаймын барлықтарыңыз да мерекеге жаксы дайындалыпсыздар.

Жүргізуші: Иә, барша балалар жаңа жылды қарсы алуға келіп тұр.

Аяз ата: Ал енді біз келместен бұрын бүлдіршіндеріміз бізге тағы не әзірледі екен соны көрсейік.

Жүргізуші: Қане балалар Аязатамызды ортаға алып өзіміздің дайындаған тақпақтарымызды айтайық.

Ақшақар: Қанекей балалар Аязатаға арнаған тақпақ, өлең шумақтарымыз болса айтамыз.

(аяз ата ортада отырып балалардың өлең шумақтарын тыңдап сыйлықтарын береді)

Аяз ата: Ой, бәрекелді, балаларым. Әсем ән шырқап, би билеп аталарыңды бір қуанып тастадыңдар. Мен сендерге сыйлықтар әкелдім! (таратып береді). Көп-көп рахмет, өркендерің өссін. Енді Ақшақар екеуміз, аттанайық. Баршаңызбен қоштасамыз, сау болыңдар!

Ақшақар : Сау болыңдар, балалар, келесі жаңа жылда кездескенше.

Барлығы: Сау болыңыз, Аяз ата, сау болыңыз, Ақшақар.

1-жүргізуші: Міне, құрметті қонақтар. балалар! «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты, ертеңгілігіміз осымен аяқталды. Осындай, керемет мерекеге атсалысқандарыңызға рахмет айтамыз. Жаңа 2025 жылымыз құтты болсын! Отбасыларыңызға тек бақыт, қуаныш нұры жаусын!

2-жүргізуші: Жаңа жыл — әрбіріңіздің отбасыңызға жаңа нұр, жаңа шуақ, табыс пен береке, қуаныш пен мереке алып келсін. Жаңа жыл баршамызға берекелі, мерекелі жыл болсын.


Келесі жаңа жылда кездескенше, аман-сау болайық!

Бірге: Біз тілейміз жаңа жылдық шаттықты!

Біз тілейміз жаңа жылдық бақытты! Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Аға қамқорлығы» ағалар
қауымдастығымен сайыс**

Тақырыбы: «Жігітке жеті өнерде аз»



Орындаған: Тәрбие одағы

**2024-2025 оқу жылы
Қаңтар**

«Жігітке жеті өнерде аз»

Мақсаты:

1. Ата салтын насихаттай отырып, нағыз қазақ жігітінің бойындағы қасиеттерімен таныстыру.
2. Әр баланың бойындағы қабілеттерін : ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу, өнерін көрсету, тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту.
3. Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Слайдтар, шарлар.

І – жүргізуші:

Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Қадірлі қонақтар! Бүгін бізде «Жігіт сұлтаны» атты бойына өршіл рухы бар, парасатты жігіттер сайысына қош келдіңіздер.

Армысыздар, құрметті өнер сүйер қауым!

Ұлттың болашағы ұрпағында болса, ұрпақ тәрбиесі - біздің қолымызда. Демек, ата тегін қадірлеу, ер жігітке жарасар «Сегіз қырлы, бір сырлы» болу, ел намысын қорғау сияқты ұғымдарды жігіттеріміздің бойына зерделеп жеткізу мақсатында, егемен еліміздің ертеңін нұрлы етер «Барыс текті намысты ұрпақ» өсіру үшін бүгінгі өткізіліп жатқан «Жігіт сұлтаны» атты байқауын ашып беру үшін мектебіміздің директоры Саметов Мақсат ағайға сөз кезегін береміз.

І – жүргізуші:

Нағыз кәусар жігітті,
Нағыз қайсар жігітті,
Нағыз бұлбұл жігітті,
Нағыз дүлдүл жігітті,
Анықтайтын кез келді!

І – жүргізуші:

Уа, халайық, халайық,
Мұнда назар салайық!
Ата жолын жалғамас
Ел дәстүрін қолдамас
Ел намысын қорғамас.
Ұлдар шықсын ортаға,

Бүгін сұлтан атанбақ! – дей отырып, ортаға «Жігіт сұлтаны» байқауына қатысушы сайыпқырандарымызды шақырайық! Қарсы алыңыздар!

1. 11А сынып оқушысы
2. 11Ә сынып оқушысы
3. 10А сынып оқушысы
4. 10Ә сынып оқушысы
5. 9 сынып оқушысы
6. 8А Сынып оқушысы
7. 8Ә сынып оқушысы

І – жүргізуші:

«Жігіт сұлтаны» байқауына қатысушы сайыпқырандардың ақыл-парасаты мен өнеріне, қайраты мен күшіне баға беруші қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

І – жүргізуші:

Қайсысы әнші, кім биші,
Талабына қарайық.
Кімдер зерек, кім жылдам,

Таланттарын табайық! – деп, өнер сүйер қауым бүгінгі сайыстың барысымен таныстырып өтейін.

I бөлім «Тегімді менің сұрасаң...» өзін-өзі таныстыру.

II бөлім «Жігітке жеті өнер де аз, жетпіс өнер көп емес» өнер сайысы.

Жүзде сенде, қуана бер, күлімде – деп, «сайысымыздың келесі бөлімі Үй тапсырмасы (бейнеролик ата-ана мен баланың арасындағы байланыс)

Қазылар алқасы өз шешімін шығарғанша, 6 сынып оқушыларының биін тамашалаңыздар.

1 – жүргізуші:

Осымен, «Жігіт сұлтаны» атты бойына өршіл рухы бар, парасатты жігіттер сайысы мәреге жетті.

1 – жүргізуші:

Құрметті өнер сүйер қауым, қадірлі қонақтар, ата-аналар!

Өздеріңізбен бірге қызықтап, өнерлерін тамашалаған сұлтандар сайысы да аяқталды. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні тірелер болсақ «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, бүгінгі сайысымыздың жеңімпазын анықтау үшін сарапшылар алқасына сөз береміз.

Кімдер жүйрік, өнерпаз билейікші,

Сұлтаны деп мектептің жүрейікші.

Қазыларға тек қана әділдікті,

Ал жігіттерге сәттілік тілейікші.

1 – жүргізуші:

«Жүзден – жүйрік» күшімен,

«Мыңнан – тұлпар» шықты шың

Жігіттердің ішінен шыққан Сұлтан мықтысын!

Құттықтайық ал енді

Сұлтан болған баланы

Өрге жүзіп өнері,

Тауға өрлесін талабы.

Қуанышты жанары,

Шоктай болып жанады.

1 – жүргізуші:

Бүгінгі сұлтандарымыздың, нағыз қазақ жігіттерінің бәрі де тамаша өнер көрсетті. Бұл олардың ертеңгі үлкен сынға қадам басқан бастауы ғана. Әрқашан сыналған шақта сүрінбей, қадамдарына нұр жаусын дейміз!

Өркендерің өссін, мерейлерің үстем болсын! Келесі кездескенше, күн нұрлы болсын!



ДТЖО:

Қ. Айкузов

Агадар кауымдастыгынын катысуумен «Шыныккан шымыр боларсын» 7-10 сынын окуучулары арасында кол күрес, архан тартыс, кір тасын көтеру т.б ұлттык ойындар ойнатылды.



Ата әжелермен балалар жетістіктері (Қолөнер бұйымдары)



Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі ЖММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жеңге кеңесі» жеңгелер
кеңесімен дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Қыздар білуге тиіс»



Орындаған: Тәрбие одағы

2024-2025 оқу жылы
Қаңтар

Мақсаты: Отбасылық тәрбиедегі жеңгенің орнын анықтау

Міндеттері: Отбасылық тәрбиенің үздік үлгілерімен таныстыру;

Жеңгемен сырласудың, сыйласудың астарын ашу;

Қайыніні, қайынсіңділеріне білгенін үйретуді дағдыға айналдыру;

Ұлттық құндылықтар: Адалдық және жауапкершілік;

Күтілетін нәтиже: Дәстүрлі тәрбиені қазіргі тәрбиемен байланыстыра алады

Отбасылық тәрбиедегі жеңгелік орнын түсінеді

Отбасындағыларға қамқорлық жасайды;

Мен үшін тосуға әзір желге демін

Ең жақын жандарым бар елде менің...

Жайрандап, жарқылдасып жүрсіндер ме,

Аяулы қайран менің жеңгелерім?!

Қадірлі де қадірменді, жеңгелер!

Бүгін өткізгелі отырған «Қыздар білуге тиіс» тақырыбындағы ұйымдастырылып отырған дөңгелек үстелімізге қош келдіңіздер! Жаһандану заманында жеңгенің отбасындағы, тәрбиедегі орнымен қатар «Жеңеше» деген атауының өзі жойылып бара жатқандай көрінеді. «Менің анпақ жеңешем» деп еміреніп тұратын қайынінілер мен қайынсіңділердің де қатары азайып бара жатқандай... Неге?

Бүгін бәріміз алқалы жнында (дөңгелек үстел) бас қосып, осы мәселені талқылайықшы.

Жақында интернеттен мынадай бір ақпарат оқыдым, авторы Сая Қасымбек. «Бала күнімізде ауылға түскен келін – күллі бала-шағаға «жеңеше» боп шыға келетін. Руы, туыстығы ешкімді қызықтырмайды. «Жеңеше» – бітті!.. «Ақбас көкенің үйіндегі жеңешем босаныпты!» - деп, тайлытаяғымызға дейін қалмай, ауыл-үйді түгел шарлай сүйінші сұрайтынбыз. Шапқылауымызға дүмпу болып тұрған – жеңгелердің бөліп-жармастан бәрімізге бірдей қарауында жатыр. Осы кездері ойлап қарасам, сол – «жеңеше» деп жүрегіміз үзіле сыйлаған жеңгелеріміз үш қайнаса сорпасы қосылмайтын ауылдас қана екен». Сонда жасы кішілердің зор махабатына бөлену үшін оларды бөліп жармай, бәрін бірдей жақсы көруіміз керек екен ғой. Қазір біз бүкіл ауыл демей-ақ қояйықшы, өзіміз келін боп түскен үйдегі, әулеттегі күйеуіміздің жасы кіші іні-қарындастарын жақсы көре алып жүрміз бе?

Мен жеңгемен қайынсіңді-қайыніні арасындағы сырласу туралы айтқым келіп отыр. Сырласу үшін адамға сыйластық керек. Отбасындағы, әулеттегі сыйластық неден басталады? (жауап беретіндер болса айтқызу керек) Ал сырласуға келсек, мұны - жеңге мен қайыніні-қайынсіңді арасындағы сыйластықтың шыңы деуге болатын шығар. Бозбала, бойжеткен шақтағы ұл мен қыздың тәрбиесі үшін оның ықпалы ерекше. «Анаң - ақылшың, жеңгең – сырласың» деген сөз бекер айтылмаған. Анасына айта алмаған ішкі сырын жеңгемен бөлісіп, оның ақыл-кеңесін тыңдаған бозбала әсіресе бойжеткен кәпелімде шалыс баса қоймайды.

Қазақтың даналығы шығар, үйге келін түскеннен бастап қыз баланың тәрбиесін жеңгесінің мойнына жүктейді. Ақан серінің «Балқадинаш» әнінде Бір түгіл, екі жеңге келіп отыр, Рұқсат бізден сізге бар, Қадинаш... деген жолдар бұл сөзімізге толық дәлел. Қазір заман басқа, жеңге сауық кештеріне еріп бармаса да, онашада қыздар арасындағы тақырыпта әңгімелессе, олар үшін жан сырын жасқанбай айтатын сырласына айналса... от басып қалатын қыздар азаяр еді. Ондай кезде жеңге сырға берік болуы керек. Оны

да есте ұстаған абзал. Сыр сақтай білу үлкен өнер. Сонда қыздар психологтерге, коучтерге жүгірмей, жеңгесіне жүгінер еді.

Ал сіз жеңге ретінде қайыныңыңызбен сырласасыз ба? Қандай тақырыпта?

Жаңа әріптесім сырласу туралы өте жақсы айтты, сол кезде сыйластық мәселесі де сөз болды. Қазір өткеннің бәрін мансұқтап, жаңаша өмір сүреміз дейтіндер көп. Жеңге мен қайыны-қайыны-қайыны қарым-қатынасына келсек, «атын атағанда тұрған не бар» демей, байырғы «Ат тергеу» дәстүріне оралуымыз керек деп ойлаймын. Атын атамай, еркелетіп атаудың адамның тұла бойын жылытып жіберетінін ұмытпағанымыз абзал. Фариза апамыздың: Сендерге қатыстыдай жан арманым, Тапсам деп көңілімді алаңдадың. «Көзжақсым», «Еркемдерді» талғап, таңдап Жарыса ат қоюшы ең маған бәрін – дегені бар емес пе? Олай болса: Жаңа түскен келін күйеуінің інілерін атымен атамай «Еркебал», «Сылқым жігіт», ал қарындастарын «Ерке қыз», «Айнамкез» деп іш тартып тұрса, олар да «Жеңеше» деп майыса қалмай ма?! Үйге «келін түсті» деп қуанған әулеттің, үлкеннің де, кішінің де көңілін қалдырмауға тырысу керек, т.б. Сонда өзі нiлiп тұрған келiндi, бәрiн жақын көрiп, iш тартып тұрған жеңгенi ешкiм ренжiтпеуге тырысады. Сыйластық деген – осы. Отбасындағы татулық осыдан басталады.

Үлкенге iзет көрсетiп, кiшiге қамқор болсақ, келiнге, жеңгеге деген құрмет те арта түседi.

Ондай мысалды жүздеп, мыңдап келтiруге болады ғой. Көпшiлiгiмiз көрген шығармыз, бұрынғы, ескi фильм болса да, жеңге мен қайыны арасындағы сыйластық пен сырластықты «Гауһартас» фильмен көруге болады.

Мысал ретiнде үзiндi көрсек... https://www.youtube.com/watch?v=yAAU_Y3Gn54 44.00-45.05. Осы үзiндiден қандай қорытынды жасауға болады?

«Қыздар білуге тиіс»



ДТЖО: Қ.Айкузов

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Женге кеңесі» жеңгелер
қауымдастығымен «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында қыздармен жеңгелер
кеңесінің төрайымы ауылымыздың келіні Мөлдір апаймен кездесу
ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы
Хаттама**

Қараша

Аққұм ауылы

Төрағасы: С.Қалдарбекова

Хатшы: Ә.Сахаев

Қатысқандар: Ұстаздар-26

Күн тәртібінде:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Женге кеңесі» жеңгелер қауымдастығымен «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында қыздармен жеңгелер кеңесінің төрайымы ауылымыздың келіні Мөлдір апаймен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші сөз кезегін С.Қалдарбекова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Женге кеңесі» жеңгелер қауымдастығымен «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында қыздармен жеңгелер кеңесінің төрайымы ауылымыздың келіні Мөлдір апаймен кездесуде мектебіміздің 8-10-сынып қыздар қатысып, бейне ролик көрсетіліп жан-жақты қазіргі кездегімен бұрынғы жеңге мен қайын сіңілілер қарым қатынас ерекшеліктері талқыландығын, тәрбиелік мәні бар сұрақтар қойылып өте жақсы дәрежеде өткізілгендігін жеткізді.

Келесі сөз кезегін алған қыздар клубының жетекшісі Қ.Жомарт «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Женге кеңесі» жеңгелер қауымдастығымен «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында қыздармен жеңгелер кеңесінің төрайымы ауылымыздың келіні Мөлдір апайымыз кездесуде қыздарымызға өзінің туып өскен өңірі, табиғатысалт дәстүрлерімен өз отбасымен тәрбиесінен бастап келін болып түскен шаңырағын ондағы ерекшеліктермен жас келін кезіндегі күндерінен сыр шертті.

Мектебіміздің қыздарына келіндік өмірінен ағайын ауылдас қайын сіңілілерімен қайын інілерінің тату тәті қарым қатынастарын және келіндік парыздарын орындаудағы қиыншылықпен қуанышты кездеріне тоқталып ақыл кеңесін жеткізді.

Шешім:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Женге кеңесі» жеңгелер қауымдастығымен «Қыздар білуге тиіс» тақырыбында қыздармен жеңгелер кеңесінің төрайымы ауылымыздың келіні Мөлдір апаймен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төрағасы:



С. Қалдарбекова


Хатшы:



Ә.Сахаев

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Аға қамқорлығы» ағалар
қауымдастығымен дөңгелек үстел

Тақырыбы: «Жақсылық жасап жарысайық»



Орындаған: Тәрбие одағы

2024-2025 оқу жылы
Қараша

«Жақсылық жасап жарысайың»

Мақсаты: Ағалардың іні-қарындастары алдындағы міндетін сезіндіру.

Міндеттері:

1. Мақал-мәтелдер арқылы ағалық жолын түсіндіру
 2. Ағалық жауапкершіліктің сырын ашу
 3. Іні-қарындастарына қамқор болуды дағдыға айналдыруға кеңес беру
- Үлгі тұлғалар: Бауырлар арасындағы сыйластықты дәріптеу

Күтілетін нәтиже: Мақал-мәтелдердегі ойды ескеріп жүреді. Ағалық жауапкершілікті салмағын сезінеді. Іні-қарындасына қамқорлық жасауды дағдыға айналдырады.

Ұйымдастыру бөлімі (10 мин) Құрметті ағалар, бүгінгі талқылауға келген қонақтар. Атамыз қазақ сонау заманнан «аға» деген сөзге үлкен мән берген. Аға ақылмен айтса, іні ілтипатын білдіріп отырған. Отбасында аға-іні деген туыстық қарымқатынасы үлкен жауапкершілікпен қараған. «Атасы бөлек аттан түс, атасы бір атқа мін» деген сөз тектен-тек шықпаса керек. Бұл жердегі мақсат бала не әйелді төмен санау емес, аға мен іні арасындағы жақындықты ұғындырғысы келген. Міне осындай туыстық мәселеді салмағы басым түсетін, киікпір болған тұста күрмеу жібі әлсіз болатын ағалық міндет мәселесін талқыға салатын алқалы жиынға қош келдіңіздер! Бүгінгі жиында аға мен іні арасындағы тәрбиелік байланысты нығайту мақсатында ой қозғайтын боламыз. Қазақта «Ағаның өткені - інінің өткелі» деген керемет нақыл бар. Қазақ халқы жалпы мақал-мәтелдерді шығарған кезде өмірден көргеніне түйін жасап, өз көзқарасын білдіре отырып, ескерту ретінде әр істің шешімін қалдырып отырған. Аға бола білудің өзі үлкен жауапкершілік. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт» деген даналық сөзден ақыл айтсаң дұрыс кеңес бере алатындай, аға ретінде үлкендік жасай алатындай дәрежеге болу керектігін түсіндіріп отырған.

Алдымен дөңгелек үстелімізді талқылау, ой бөлісу болғандықтан топтарға бөлініп аламыз. Алдарыңызда түстері бірдей ақ қағаздар жатыр. Келесі бетінде мақал жазылған. Мақалды оқып, сол мақалға қатысты топқа барып отырарсыздар. Мұндағы мақсат сіздерді аға жайлы мақалдармен таныстырып, ағалық жолын түсіндіру.

1-Жағдаяттық тапсырма

Ағасы інісінің шимай (Черновик) дәптерінен өте бейәдеп сөздердің жазылғанын көреді. Сөйтсе де інісіне ештеңе деместен, дәптердің ішіне бұл сөздерді айту, қолдану өте ұят екенін ескертін: «Біріншіден өзінді, екіншіден отбасымыздағы тәрбиені құрметтейтін болсаң мұндай сөздерді жазбас едің. Ендігі жерде өз қатенді түсініп қайталамайтынына сенгім келеді», - деп дәптерді жауып қайта сөмкесіне салып қояды.

Сұрақ: Ағаның қандай қасиеттері басым? Сипаттап берсеңіз...

2-Жағдаяттық тапсырма Інісі бұзықтық жасап, қатарласымен ұрысып қалады. Жағдайды білуге келген ағасы көпшіліктің алдында үндемейді. Інісімен жеке қалғанда жалғыздың үні шықпаса, жаяудың шаңы шықпаса, інім, ортаңнан бөлінбе, жақыныңнан жау іздеме, ертең достарыңмен татулас. Егер осыны істесең өмірің тыныш, өзің сыйлы боласың, - дейді.

Сұрақ: Ағасы неге мұндай шешім қабылдады? Сіз қандай әрекет жасар едіңіз?

3-Жағдаяттық тапсырма Мектепте інісі қыз балаға: «Сенің жақсы оқығаның кімге керек, бойың кішкентай сен әдемі емессің», - деп тіл тигізеді. Қыз қарсы жауап айтып араларында дау туындайды. Інісін сыртынан қарайлап жүрген ағасы мұны байқап

қалады. Ағасы інісімен жеке қалғанда : «Бауырым, сен ел қорғайтын, аналарымыз б қыздарымызға қамқорлық жасайтын азаматысың. Мен әлі кішкентаймын деп, а маған бола береді деп ойланбастан сөйлей берме.Сөзің әдетке айналады.Әдет мінезіңе айналады. Бұл қайталанбасын, сенің мінезің қалай қалыптасса,сол мінезб бірге өмір сүретінінңді ұмытпа! Бұл ұят әдет қайталанбасын –дейді.

Сұрақ: Аға шешімінің артықшылығы неде? Даналық деуге бола ма?

Сіздер берілген жағдаяттық сұрақтарға өте керемет жауап бердіңіздер. Ендігі тапсырм осы берілген сұрақтардағы әрекеттер аға мен іні арасындағы тәрбиелік байланысты қай түріне жатады?

Жүргізуші: Құрметті ағалар, сіздер мұнда көптеген сұрақтарға жауап бердіңіздер, б бөлістіңіздер. Сұрақтарға жауап бере отырып кейбіріміздің көңілімізде өзіміз сезілмей жатқан ағалық сезімдеріміз оянған болар, мүмкін кейбірімізге бұрын болғ оқиғалар еске түсіп «Әттеген-ай, шешімі осылай бітуі керек еді ғой» деген ой кел жатқан болар. Аға болған ініқарындастарымызға қолымыздан келгенше көмектесі олардың өмірден өз орындарын табуына сеп болып, ақылымызды айта жүруіміз кере Ақыл айту, жол көрсету оңай шаруа емес. Қазір «Ініме, қарындасыма не үйретуі керек, қалай үйретуім керек?» деген тақырыпта ойланып, жадынама жазайықшы. (1 минут) 1 топ: Қазақ «Дені саудың жаны сау» дейді. Денсаулығын сақтау үшін ініқарындасқа қандай кеңес берер едіңіз?

Ағалар не үйреткенін санамалап айтып шығады. Іні-қарындастары жүргізушіні қасына барып, интерактивті тақтаға ағаларының не үйреткенін жаздыртады. Кейі ағалардың айтқанымен іні-қарындастарының жаздырғанын сәйкестендіреді. Сәйкес келген әр тармаққа бір балл есептеледі.

Жүргізуші:

Мінекей, бүгінгі сайыс та өз мәресіне жеткендей, біздің жастарға, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілерге амандық, сәттілік, мұқалмайтын күшқуат тілей отырып Өзіңе сыйынамын қандай жақсы

Сөзіңе сүйсінемін балдай тәтті

Ерлердің ағасы бар - жағасы бар!

Алдыңда ағаң болған қандай жақсы!, - дегіміз келеді

Жаныма жалау жан інім,

Қыран боп көкте самғарсың,

Атадан қалған салтыңды,

Азамат болып сақтарсың,

Ар-ұят болып жолдасың,

Алғыстан алқа таққайсың.

Егемен болған еңселі,

Елінің отын жаққайсың, - деп іс-шарамызға қатысқан ағаларымыздың артынан ерген іні /қарындастарына/ баталы тілегін білдіре отырып, бүгінгі «Жақсылық жасап жарысайық» атты дөңгеле үстеліміз өз мәресіне жетті. Бүгінгі іс-шарадан көрген білген, түйгендеріңізді іні-қарындастарымызға айтып, олардың жаман қылықтан са болуына көңіл бөліп жүрейік... Келесі кездескенше сау болыңыздар!!!



Ағалар қамқорлығы

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы бірім беретін мектебінде
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Даналық мектебі» клубы
бойынша ағалар қауымдастығымен мектебіміздің ұлдармен кездесу
ұйымдастырылып өткізілді**



**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жақсылық жасап
жарысайық» және «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбында ағалар
қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы
Хаттама**

Қараша

Аққұм ауылы

Төрағасы: Қ.Айкузов

Хатшы: Ә.Сахаев

Қатысқандар: Ұстаздар-19

Күн тәртібінде:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жақсылық жасап жарысайық» және «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбында ағалар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші сөз кезегін ДТЖО Қ.Айкузов «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жақсылық жасап жарысайық» және «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбында ағалар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып ағалар кеңесінің төрағасы ауылымыздың тумасы Әбдиев Абзал Бейсенәліұлы және жеке кәсіпкер Істілеу Дәулет Ілясбекұлы келіп оқушыларға ағалық ақыл кеңестерін айтып, мектеп тәртібіндегі қазіргі кездегі ерекшеліктеріне тоқталды, оқушылар тарапынан сұрқтар қойылып кездесудің жоғары дәрежеде өткізілгендігіне жақсы деген бағасын берді

Келесі сөз кезегін алған С.Қалдарбекова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Жақсылық жасап жарысайық» және «Ағасы бардың жағасы бар» өткізілген кездесу кезінде оқушылардың ағаға деген мейірімділігі оянып, бір –біріне жанашырлық ұялайтындығы рас екендігіне тоқталып осындай кездесулерді жиі-жиі ұйымдастырып тұру керек екендігін жеткізді

Шешім:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Жақсылық жасап жарысайық» тақырыбында ағалар «Ата өсиеті» аталар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төрағасы:  **Қ.Айкузов**

Хатшы:  **Ә.Сахаев**

Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар
қауымдастығымен кездесі

Тақырыбы: «Ата –кәсіп берекенің бастауы»



Орындаған: Тәрбие одағы

2024-2025 оқу жылы
Қараша

«Ата өсиеті» аталар қауымдастығымен кездесі

Тақырыбы: АТАКӘСІП – БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ

Мақсаты: Тәрбиелік; Халқымыздың тәлім - тәрбиесі ананың ақ сүтімен, әже өнегесімен, ата ақылымен берілетіндігі, ұлттық қасиетімізді оқушылар бойына қалыптастыру;

Үйретушілік; оқушыларды сөздің төркінін түсініп, орынды сөйлеуге, өз ойларын толық жеткізе білуге үйрету, ізгілік негіздерін бойларына дамыту;

Дамытушылық: шешендік сөздер, мақал - мәтелдерді көп білу арқылы шәкірттерді адамгершілікке, имандылыққа, әділдікке тәрбиелеу және бала лексикасының қорын одан әрі молайту, мағлұмат арқылы рухани байлығын, ұшқырлығы мен ойлау қабілетін дамыту;

Бүгінгі «Ата кәсіп - бастауы» атты аталар қауымдастығымен кездесу кешімізге Қош.келдіңіздер!

Адам баласы өмір көшінде қандай кезең, қандай заман, қандай кез келсе де, ұрпақ қамын, оның тәрбиесін бір сәтте де ұмыт қалдырған емес. Өйткені әркім өзі өмірге әкелген ұрпағына ғұмырының жалғасы, болашағы ретінде қарайды. Тәрбие – адам тағдырын шешетін ұлы іс. Халқымыз ежелден салт - дәстүрін, әдет - ғұрпын, тілін, дінін, өнеге - өсиетін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп отырған. Олай болса бізде өз үлесімізді қоса отырып, бабалар қалдырған өсиеттердің мағыналарына терең бойлап, сөз маржандарының теңізінде жүріп көрейік! Ата бабаларымыздан бізге жеткен көптеген ұлағатты ғибрат аларлық, тамаша тәлім – тәрбие берерлік өсиет сөздер өте көп. Ендеше, күнделікті өмірде ата - әжелеріміздің, ата – аналарымыздың айтып отыратын, ««Ата кәсіп - бастауы» бөліміне қатысты аталарымызға сөз кезегін берейік.

Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының тыйымдары мен ырымдарының орны ерекше. Бұл халықтық этнопедагогиканың үлкен бір бөлігі. Бұл ырым - тыйымдарды, наным сенімдерді кейде халықтың ұзақ жылғы тәжірибесінен шыққан түсінігіне, кейде қарапайым әдеп қағидаларына жатқызуға болады. Мысалы, адамзаттың алтын бесігі - табиғатқа байланысты: құмырсқаның илеуін бұзба, суға түкірме, көкті жұлма, ысырапшылыққа жол берме, т. е. с.

Ғасырлар бойы сұлуланып, салмақтанған асыл сөз, сөз мәйегі - мақал келесі қақпамыздың мазмұны. Дана халқымыздың көне де, көркем мәдени мұрасы – мақалдар мен мәтел сөздер.

«Балапан ұяда не көрсе, Ұшқанда соны алады», «Ел көркі - мал, Өзен көркі - тал», «Шебердің қолы ортақ, шешеннің тілі ортақ», «Жүз сомың болғанша, жүз досың болсын», «Тәні саудың - жаны сау»

Қорытынды.

Аталарымыздың қатысуымен өткен бүгінгі біздің пікір алмасуымыз өте тартымды өтті. Өткір пікірлер, жағымды сын айтылды. Бүгінгі пікірлесуден аларымыз көп болды. Аталарымыздың әр сөзі балаларға нық, тура жолды дәл көрсететіндей ғибратқа толы болды. Әр кезеңнің тапсырмасы қызу талқыланып, көңілімізден шығып, барлығымыздың көңіл күйіміз көтеріліп, бүгінгі күннің өзекті мәселесін

талқылап, шешу жолдарын таптық десем де болады. «Ісім оңсын десеңіз, сол істің маманы болыңыз» - деп, Әл-Фараби айтқандай балаларымыздың ісі оң, жұмыстарында абыройлы, мықты маман иесі болсын десек, мамандықты қабілетіне, икемділігіне қарай жүрек қалауларымен таңдауға мүмкіндік беру керек! Бүгінгі аталармен кездесу кешіне қатысқан аталарымызға үлкен рақмет айтамын! Абай атамыз «Сен де бір кірпіні дүниеге, кетігін тап та бар қалан!» дегендей, өмір жолын таңдау өміріңіздің бір кірпішін дұрыс қалау екенін ұмытпайық!

Еңдеше, бүгінгі кешімізді мына өлең жолдарымен аяқтағым келіп тұр.

Еңбек етсем, ертеңгі бақытыма сенемін,

Мақсатыма жеткізер, уақытыма сенемін.

Достық іспен қасты да, жеңеріме сенемін.

Ақыл, сана, білім мен, өнеріме сенемін.

Арым таза, ақ көңіл, адалдыққа сенемін,

Абыройлы ақ ниет, адамдыққа сенемін!- қазыналы қарияларымыз аман болсын,

ұрпағымыз сапалы болсын жақсы күнде жрлықанша сау болыңызда!

Аталар батасы

**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар
қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы
мәлімет**



**Қ.Тыныбеков атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар
қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы**

Хаттама

Қараша
Төрайымы: Қ.Айкузов
Хатшы: Ә.Сахаев
Қатысқандар: Ұстаздар-24

Аққұм ауылы

Күн тәртібінде:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігі туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібінде бірінші сөз кезегін ДТДЖО Қ.Айкузов «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып аталар кеңесінің төрағасы С.Алихановпен ардагер ұстаз ауыл ақсақалы Әбілдаев Сабит қария келіп оқушыларға ата –баба салт дәстүрлері туралы тәрбиелік маңызды ақыл кеңеспенен өсиеттер айтып оқушылар тарапынан сұрақтар қойылып кездесудің жоғары дәрежеде өткізілгендігіне жақсы деген бағасын берді

Келесі сөз кезегін алған С.Қалдарбекова «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып аталар кеңесінің төрағасы С.Алихановпен ардагер ұстаз ауыл ақсақалы Әбілдаев Сабит қария келіп оқушыларға берген өнегелі тәлім тәрбиелеріне жан жақты ауыл тарихымен әдет-ғұрпы салт дәстүрін дәріптеп өткен өмірлерінен сыр шертіп кәзіргі бейбітшілік жақсы күндер туралы айтқан әңгімелеріне оқушылар және ұстаздар рахметін айтып ұзақ өмір тіледі

Шешім:

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында «Ата өсиеті» аталар қауымдастығымен кездесу ұйымдастырылып өткізілгендігіне қанағаттанарлық деген баға берілсін.

Төрайымы:

Қ.Айкузов

Хатшы:

Ә.Сахаев